



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 25 жылғы « 26 » қараша

Ақтөбе қаласы

№ 464

город Актөбе

Оңалту басқарушыны шеттету және тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 7 тармағы 2 тармақшасына, 69 бабына сәйкес және «FORA TRADE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 070540003480) 2025 жылғы 20 қарашадағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, БҰЙЫРАМЫН:

1. «FORA TRADE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оңалту басқарушысы Тәттігүл Жанайдарқызы Төлеубай оңалту басқарушы өкілеттіктен шеттетілсін.

2. «FORA TRADE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оңалту басқарушысы болып Кенжегуль Торсановна Сыздыкова тағайындалсын.

3. Тәттігүл Жанайдарқызы Төлеубай жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға үш жұмыс күн ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды тапсырсын.

4. Кенжегуль Торсановна Сыздыкова Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес оңалту басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Оңалту басқарушы Кенжегуль Торсановна Сыздыковаға Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. «Оңалту басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2025 жылғы 19 наурыздағы №ДГД-1-24/149 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшының орынбасары Нуржан Ерболатович Костыровқа жүктелсін.

Басшының м.а.

А.Калменов

003499